«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

18.08.2026 № 46-НҚ

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

город Кызылорда

«Жаңақорған-Құрылыс-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сарқынды суларды бұру қызметіне уақытша өтемдік тариф бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 2-тармағының 2), 4) тармақшаларына, 4-тармағына және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жыл бойынша тарифтік смета шығын баптарының 5 пайызынан астамын орындамағаны және амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатқа сай емес пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесі ескеріле отырып, 2209,05 мың теңге қаражат мөлшерін тұтынушыларға қайтару мақсатында «Жаңақорған-Құрылыс-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2026 жылғы 1 қазаннан бастап 2029 жылғы 30 қыркүйек аралығына сарқынды суларды бұру қызметіне уақытша өтемдік тариф, осы бұйрыққа берілген 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Жаңақорған-Құрылыс-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сарқынды суды бұру қызметіне тарифті және тарифтік сметасын бекіту туралы» 2017 жылғы 13 қазандағы №125-НҚ бұйрығының қолдану мерзімі осы бұйрықтың қолдану кезеңінде тоқтатылсын.

3. Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (Ұ.Абдықалық) осы бұйрықты «Жаңақорған-Құрылыс-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4. «Жаңақорған-Құрылыс-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарифтің өзгертілгені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына, тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары З. Сардарбекке жүктелсін.

000070

6. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1, 2 - тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **А. Абдрайхан**